

ӘОЖ 81'37

ҚИМЫЛ-ҚОЗҒАЛЫС ЛЕКСИКАСЫНЫҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ МӘНІ

Даниярова Аяулым Туралиевна

aiau1998@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті «Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтерін даярлау» мамандығының 2-курс магистранты, Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Қ.Қ. Саркенова

Адам тіліндегі қимыл-қозғалыс мәнді сөздер мен олардың мағынасы арасындағы байланыс мәселесі лингвистерді өте ерте заманнан бері қызықтырып келе жатқаны белгілі. Бұл құбылысы әлемнің барлық тілдерінде кездеседі және лингвистикалық әмбебап қатарына жатады. Сондықтан да болуы керек осы мәселе көрнекті лингвистер назарында болып келді.

"Қозғалыс" ұғымы "кеңістік" және "уақыт" ұғымдарымен қатар философиялық тұрғыдан материяның тіршілік формасы, материалдық әлемнің даму процесі ретінде анықталады. Мұндай анықтаманы біз түсіндірме сөздіктерден табамыз, мысалы, С.И. Ожегов [1] пен Т.Ф. Ефремованың [2] орыс тілінің түсіндірме сөздіктері.

Қозғалыс – жалпы өмір сүру тәсілі, оған тән қасиет. Жалпы қозғалыс туралы ілім бүкіл философия, тарих бойы дамып қалыптасқан. Қозғалыс дегеніміз барлық тірі ағзаларға тән табиғи қажеттілік және адамның жұмыс қабілетін кетеретін, өмірін ұзартатын аса маңызды шарт. Қозғалыстың жалпылығы, абсолюттілігі, табиғаттың дамуы мен өзгергіштігі жөніндегі идея ежелгі Қытай, Үнді және Греция философияларында өріс алды.

Қимыл-қозғалыс лексикасы – грамматикалық категорияларға, сонымен қатар модальдік реңктерге бай күрделі сөз табы. Атауыш сөздерден семантикалық реңкінің көп түрлілігімен де ерекшеленеді. Қазақ тілінде грамматика танушы ғалымдар дәл осы лексика түріне қатысты арнайы зерттеулер жүргізіп, монографиялар жариялаған. Оны мағыналық сипатын қоса талдаған зерттеулерден А.Қалыбаева (Хасенова), Ы.Е.Маманов, А.Ысқақов, Н.Оралбаева еңбектерін ерекше атаған жөн.

Әрекет және қозғалыс амалын білдіретін лексемалар – семантикалық ерекшелікке, яғни мағынаға, реңдік мәнге бай, объекті, субъектімен тікелей байланысты сөздер. Олар әрекеттің, қозғалыстың амалын білдіріп, мағынасы жағынан тіл жүйесінде ерекше орын алады. Мағынасының кеңдігінен бұларды бір-бірінен айыру қиын. Осыған орай ғалымдар әрекет, қозғалыс амалын білдіретін лексемалар түркі тілдерінде әлі де жүйеленбеуіне оларды өзге етістіктерден айыратын басты өлшемдерінің толық анықтала қоймағандығын негіз етіп алады. Әрекет және қозғалыс амалын білдіретін лексемалар түркі тілдерінде де ерекше мәнге ие. Дегенмен түркі тілдерінде бұл лексемалардың лексика-семантикалық тобының көлемі бір ізді анықталып, қасиеттері толық зерттеліп болған жоқ. Бұл қазақ тіліндегі қимыл-қозғалыс лексикасы тілдік бірліктерінің сипатына да қатысты. Қимыл-қозғалыс лексемалары қозғалыс амалын, қимылдың шегіне жете аяқталу, аяқталмауын немесе оның жылдамдығын білдіреді.

Қозғалыс және орын өзгерту ұғымдары орын, мекен, уақыт ұғымдарымен тығыз байланысты, өз ішіндегі ажырамас элементі. Кез келген қозғалыс кеңістікте жүзеге асады. Кеңістіктің материалдылығы, үшшамалылығы, көлденеңдігі, тіктігі, құрылымдылығы, уақытқа қатыстылығы секілді кеңістікті танудағы негізгі категориялар қозғалыс лексемалардың мағыналық құрылымынан орын алады.

Қимыл-қозғалыс лексикасының семантикалық өрісін талдап, мағынасына қарай бөлу мәселесі “Қазіргі қазақ тілі” атты еңбекте атап өтіледі: қимыл-әрекет мәнді етістіктер: /*жаз, байла, ақта т.б.*/ [3].

Ы.Е.Маманов өз еңбегінде де осы осы лексикаға қатысты сөздерді мағыналық ерекшеліктеріне қарай топтастырып бөлу өте қиын, тіптен мүмкін де емес екендігін айта кетіп, оларды 8 топқа бөліп көрсетеді. Соның ішінде де қимылға, қозғалысқа қатысты түрлеріне де мысал келтіреді:

Іс-әрекеттік қимылды білдіретін етістіктер: *жазу, сызу, көтеру, шашу.*

Қозғалыс қимылын білдіретін етістіктер: *жүгіру, еңбектеу, домалау, қозғалу...* [4].

М.Оразов 1983 жылы «Семантика казахского глагола» тақырыбында докторлық диссертация қорғады. Ғалым жоғарыда аталған еңбегінде осы лексикаға қатысты сөздерді 11 топқа бөлсе, лексика-семантикалық топты 12-ге бөледі. Оның құрамында жоғарыдағы ғалымдар секілді қимыл-қозғалыс мәнді сөздерге де назар аударады: қозғалу етістіктері: *жүр, кел, жорғала, самға, ұш, кет, кел, арала, қыдыр, т.б.* М.Оразов жұмысында, негізінен, сөз мағынасы және оның құрылымы, тіл лексикасындағы жүйе мәселесіне байланысты мәселені көтереді де, осы лексикалық жүйе құрамындағы тіл элементерінің сөз байланысын талдайды [5].

Қимыл-қозғалыс лексикасы – мағынаға, семантикаға бай сөздер. Оның себебі де бар, өйткені ол объективті өмірдегі заттың (субъектінің) қимыл-әрекетін, қалып қозғалысын білдіреді. Алуан түрлі заттың қимылы, әрекеті, қозғалысы, қалпы бірдей болуы мүмкін емес. Оның үстіне бір заттың түрлі кеңістікте, мезгілде түрліше қимыл әрекет жасау қабілетін ескерсек, осының бәрі қозғалыс мәнді лексемалардың мағына мен семантика байлығына әсер ететін жағдайлар болып саналады. Сөйтіп, бұл лексемалар алуан түрлі мағына береді. Түркі тілдеріндегі сөздердің лексико-семантикалық жүйесін, оның ерекшеліктерін ескере отырып, ең алғаш семантикалық топтарға топтастырып, пікір айтып, семантикалық топтарға бөлу туралы алғаш пікір айтқан Н.К. Дмитриев болатын [6,570-590].

Ғалым Н.К.Дмитирев «Татар тіліндегі қозғалыс етістіктері (басқа түркі тілдеріндегідей) қозғалу әрекетіне қарай сараланбайды», – дейді. Бірақ қазақ тілінде қозғалыс тәсілі жанама жолмен беріледі. Мысалы, «кету – таю – жөнелу» деген қимыл-қозғалыс лексемаларын алсақ, олар арқылы берілетін қимылдың жүзеге асу сипатын контекст арқылы анықтауға болады. Мысалы: ..Әйгерім Абайға.., Кім білсін, – деді де, өңі өзгере барып, қабағына кейіс (кейіген күйінде) алған бойынша, үйіне кетті (М.Әуезов). Егер өзге сөздерсіз тек қана «кетті» деген болса, Әйгерімнің орнынан тұрып, орнын қалдырып, қозғалу арқылы тек қашықтағандығы білдіріледі де, одан қалай, қайтіп, қайда кеткені белгісіз болар еді. Ал контекстегі мағынасына үңілсек, сонда ғана ол сөздердің мәні айқындалып, контекст арқылы Әйгерімнің қозғалғаны ғана емес, қозғалыс бағыты да айқындалады. Екіншіден, мұндай қозғалыс қимылының болу тәсілі сөйлемдегі сөздер арқылы анықталады. Мысалы: ...Әбіш пен Мағыш ...қазір аттарын доғартпастан тезінен ар жаққа жөнелу керек». Абай... былтыр боқырауда, күзем үстінде, қалаға оқуға кеткенде, дәл осы қоныстан, Есенбайдан кеткен болатын (М.Әуезов). Мұндағы субъектінің қай жаққа баратыны, қай жерден шыққаны, яғни жөнелу, кету етістіктерінің синонимдік сипаты сөйлем ішіндегі «ар жаққа, Есенбайдан қалаға» сөздері арқылы сипатталады.

Қозғалыс амалын білдіретін лексемалар мағынасы жағынан кеңістікте субъектінің қозғалыс амалын білдіріп, көбінесе жалпы мағынада жұмсалады. Мысалы, ғалым А.Османова «міну – отыру – қонжию – қону» лексемаларын мағынасы жағынан контекстке байланысты түрік тілдеріне ортақ жалпы мағынасы бар байырғы сөздер ретінде қарастырады [7]. Мәселен, Баласы атқа қонып, жүруге ыңғайланып, тізесін қымтай бергенде, Ұлжан өзінің үлкен ақ саусақтарын жирен аттың жалына салды (М.Әуезов). Байдалының бар мінез, бар сөзін мақұл көріп, Базаралы атқа мінді (М.Әуезов). Тырнағы қарысқан бүркіт түлкінің үстіне қонжиып алған (М.Әуезов) деген сөйлемдердегі қонып, мініп, қонжиып қозғалыс мәнді сөздері бір уақыттағы, сәттегі қозғалыс амалын көрсетпейді.

Қозғалыс амалын білдіретін лексемалар іштей уақыттың, жылдамдықтың, қозғалыс бағытының әсеріне байланысты да жіктеледі. Мәселен, «асығу – абыржу», «аптығу – сасу – сасқалақтау – қалбалақтау – әбігерлену – дегбірсіздену» т.б. осындай синонимдік қатардағы лексемалар адамның асығуын, дегбірсізденуін бірдей дәрежеде көрсете алмайды, олардың әрқайсысы өз семантикасына лайық қозғалыс я қимыл жағының түрлі көріністерін ғана қамти көрсетеді. Мысалы, асығу – тек уақыттың жетіспеушілігінен болған көрініс болса, абыржу – кісінің ішкі көңіл-күйінің бір жайлы я бір орында болмауынан, толқуынан туған асығу әрекетін аңғартады. Ал аптығу – асыққандықтан, сасқандықтан көңілдегі қобалжу күшейіп, барынша алқынып қалуды білдіреді. Сасу – асыққандықтан дегбірсізденгенін, не істерін білмей қалу қалпын көрсетеді; әбігерлену – абыржу, асып-сасу кісінің әуре-сарсаңға түсіп мазасыздануын білдіреді. Қозғалыс амалын білдіретін мұндай лексемалар қозғалыстың болып өткендігі туралы толық мәлімет береді. Осы топтағы қимыл мәнді сөздер басқа түрік тілдеріндегі сияқты қозғалыс тәсілдеріне, амалдарына қарай бөлінбейді.

Қозғалыс амалын білдіретін кейбір сөздер мағынасы жағынан қозғалыстың бағытын білдіреді. Қозғалыс бағытын білдіретін синонимдес лексемалар: көтеру – жоғарылату, кету – таю – жөнелу т.б.. «Кету» тік бағыттағы қозғалысты сипаттаса, «міну» көлденең бағыттағы қимыл-қозғалысты білдіреді. Кету мен міну қимылдарын актив деу себебіміз – олар жанды-жансыз затқа байланысты кез келген стильде жаппай қолданыла береді. Мәселен, ат болса да, арба болса да, машина болса да, әйтеуір, міну етістігін, не оған мәндес сөздерді пайдаланамыз. Мысалы: «кету – таю – жөнелу – бару» тәрізді лексемалар адамның және тірі организмнің, жалпы объектінің қозғалыс амалын білдіреді. Қозғалыс амалын білдіретін лексемаларға мынадай сөздер жатады: қашу – безу – зыту, ағу – сорғалау – дірдектеу, секіру – қарғу – ырғу – ытқу – ыту – ыршу – атып кету – атқу, сырғанау – тайғанау – сырғыту – сыру – жылжыту, т.б.

Бұл топтағы сөздердің мағынасында қозғалыстың амалымен бірге, тік немесе көлденең бағытты білдіру сипаты бар. Мысалы, «Қара теке, тастан шыққан тынымсыз бүлік сен болдың, – дегенде қара теке сақалын салпылдатып, ырғып, ортқып Жұманға ұмтылғысы келгендей болды». «Тұсауларымен қарғып, сол жылқыға қарай тартқысы келгендер бар». «Биік сүйек төсектің үстіне секіріп шығып етпетінен жатып ап жылады». Мұндағы «ырғу – ортқу», «қарғу – секіру» дегендер субъектінің әрі төменнен жоғары қарай болған тік бағыттағы қозғалысын, әрі қарай қозғалғанын, әрі қозғалыстың амалын білдіреді. Қозғалыс амалын білдіру мағынасындағы синонимдес лексемалар субъектінің тек тік бағыттағы қозғалысын ғана білдіріп қоймайды. Сол сияқты «сырғыту – жылжыту – сыру» секілді қозғалыс амалын білдіретін сөздер субъектінің көлденең бағыттағы қозғалысын білдіретіні де мәлім. Мысалы, «сыру» сөзі «жылжыту – итеру» мағынасымен бірге мақталы киімді, көрпені, сырмақты қабу, жиілеп астарымен қосып тігу сияқты амалды да білдіреді, бірақ бұл жағдайда ол жоғарыдағы лексемалармен мәндес бола алмайды. Себебі «сыру» сөзіне синоним болып тұрған «жылжыту, сырғыту» лексемалары күш жұмсап, бір жерден екінші жерге көлденең бағытта қозғау амалына қатысты мағынаны білдіреді. Сондықтан «сыру» лексемасы осы мағынасында ғана бұл сөздермен мәндес сипатта келеді.

Қозғалыс амалын білдіретін синонимдес лексемалардың мағыналас сипатта болуына қайталама қос сөз ретінде жұмсалатын көсемше тұлғалы етістіктер де негіз болады. Мысалы: Астындағы жарау құла бестісін ағызып-ағызып та алады. Осы кезде келіншектерге еріп келген балалар күйеу жігіттердің аттарына екіден, үштен мінгесіп ап, шаба-шаба жөнелісті (М.Әуезов). Сондай-ақ жазушы тіліндегі «аунақшы, дөңбекші, тықыршы, ойнақшы» тәрізді -шы, -ші аффикстері арқылы жасалып, субъекті қимылының бірнеше рет қайталануын білдіретін етістіктерден де осы сипат байқалады. Қозғалыс амалын, қимылын білдіретін синонимдес сөздерді іштей уақыттың, жылдамдықтың, қозғалыс бағытының әсеріне байланысты да жіктеп қарастыруға болады. Олардың ішінде жердегі, судағы, әуедегі қимыл-қозғалыс мәнді сөздердің синонимдік қатары семантикалық ерекшелікке, яғни мағынаға бай. Қимыл-қозғалысты білдіретін «жырту – айыру» синонимдік қатарын құрап тұрған сөздерге мысал келтірейік. Астыққа қарық болады, бірі жүз боп, Еңбекші ел жерді жыртты салып егін (С.С.). – Ой, ол Салбидің қабаған итінің жағын айырып тастаған! – деп, мені мақтайды-ай шетінен (Ш.М.). Мұндағы жырту – жерді егістік үшін қопару, өңдеу мағынасында, айыру – дәрекілеу түрде екіге бөліп тастау мағынасында қолданылған. Суға қатысты қозғалысты білдіретін «шомылу – жуыну» сөздері синонимдік мағыналарынан онша алшақтамаған. Мысалы: Шомылып жүрген көліңе, еліңе, батыр, барарсың (Батырлар жырынан). Мұздай сумен жуынып алды да, қоңыр самалға кеудесін тосып, Кербұлақ өзеніне тартты (Қ.Қазиев). Мұндағы шомылу – көлге түсу мағынасында, ал жуыну – сумен шайыну мағынасында қолданылған. «Самғау – аспандау – әуелеу – шарықтау – шырқау – асқарлау – кергу» сынды әуедегі қозғалыс мәнін білдіретін сөздер тізбегі семантикалық жағынан бір-бірінен өзгешеленіп тұрады. Мысалы: ...Қараша қаздар самғады, Базарын жаздың сағынып (Қ.Ы.). Әуелеп ұшқан алты қаз, Атайын десем оғым аз (эпостан). Көктегі сәуле жерге жетемін деп, Ән- күйге салды шырқап шаттанғанын (С.С.). Осы мысалдардағы самғау – қанатын кең жайып, көсілу, әуелеу – көктің төрінде қалықтау, шырқау – биікке жету, көкке жету деген ауыспалы мағынада қолданылып, мағына бояуын үстей түседі. Сондай-ақ әуедегі де, жердегі де қимыл-қозғалысты білдіретін синонимдес лексемалар кездеседі. Мысалы: Самолет моторын баяулатып, төмен құлдилады (Бек). Арлан қырқадан ылдилай бергенде, құс теуіп жіберіпті (Әбдіқадыров). Самолет бар жететін биігіне, Бес мыңдағы жеті жүз тұр метрде, Төмендеп сәл шайқалса лықси береді, Белгісі жеткендіктің ең шегіне (Токмағамбетов). Осындағы құлдилау – жерге әуеден жүйткіп түсу мағынасында, сондай-ақ қырқадан құлдилау – жердегі бір қырдан асқан жылдамдықпен төменге қарай жүру (адам, жануар немесе көлік қозғалысы) мағынасында да болуы мүмкін. Сол сияқты ылдилау, төмендеу

етістіктері де аспаннан жерге қарай немесе өрден ылдиға қарай қозғалыс әрекеттерін сипаттай алады.

Сонымен, қозғалыс амалын білдіретін мәндес сөздер негізінде бір ұғымды, қозғалысты, оның амалын, қимылын жан-жақты көрсетеді. Әрі бұл топқа жататын лексемалар белгілі бір қозғалыстың қимылын алуан түрлі сөздер арқылы бөлек-бөлек айқындап, амалдың бірі екіншісінен артық, я кем болатындай мағынаны білдіреді. Бірақ лексемалардың мағынасы, түпкі түйіні бір арнадан шығып отырады.

Тіл біліміндегі тілдің эволюциялық даму үдерісінде пайда болатын кейбір бірліктердің семантикасының әр түрлі жағдайларына байланысты тілдік мағынаның солғындау, өзгеру, көмескілену жайлары болып тұрады. Тілдің семантикасы қазіргі таңда тіл білімінің зерттеу нысандарында күрделі тілдік заңдылықтардың бірі болып табылады. Себебі семантикалық ерекшелігін сезінбей, нәзік иірімдерін түйсініп талдамай тілдің табиғатын, дамуын және қызметін түсіну мүмкін емес. Тіл мен адамзат санасы, тілдік ғалам бейнесінің ажырамас бөлік ретінде қарастырылу кейінгі зерттеулер мүддесі десек те болады. Сондықтан да қимыл-қозғалыс мәнді сөздердің арғы қазақ тілінде қолданыс тауып, қазіргі уақытта ұмытыла бастаған мазмұнындағы ерекше семантикалық мәнін айқындау, сол сөздердің тіркесім қабілеттілігі шегіндегі тілдің куммулятивтік, когнитивтік, психолінгвистикалық қырының көрініс табуын зерттеу маңызды бағыттардың бірі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Ожегов, С.И.: Словарь русского языка. – М.: Советская Энциклопедия, 1973.
2. Ефремова Т. Ф. Новый толково-словообразовательный словарь русского языка. – М.: Русский язык, 2000 .
3. Қазақ тілі грамматикасы. Морфология. – Алматы, 1967.
4. Маманов Ы.Е., Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1966.
5. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. – Алматы: «Рауан», 1981.
6. Дмитриев Н.К. Строй тюркских языков. М., 1962, 570-599 с.
7. Османова А. Синонимдес етістіктердің семантика-стилистикалық қызметі. –Алматы: Ғылым, 1991.
8. Болғанбаев Ә. Қазақ тілінің синонимдер сөздігі. –Алматы: Мектеп, 1975.